

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

*Ермекбаева М.А.¹, Кенжалин Қ.К.², Қапантайқызы Ш.³
^{*1,2,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі кезде жастар мен балалардың құндылық бағдары қоғам дамуының негізгі көрсеткіші болып саналады. Сондықтан білім беру мен тәрбиелеуде білімнің міндеті – жаһандық сын-қатерге қарсы тұратын, ұлттық құндылықтарды оңай қабылдай және қорғай алатын азаматтарды тәрбиелеу, қоғамды құрайтын әрбір жеке тұлғаның еңбек ету қабілетін арттыру, өмір сүру деңгейін көтеру, ұлттық және адами ізгі қасиеттерін дамыту.

Өзінің тіршілігін жалғастыруды мақсат еткен әрбір қоғам немесе әрбір ұлт өз ұрпағын жастайынан қоғамның наным-сенімі мен құндылықтарына сай тәрбиелеуге ұмтылады. Бұл құндылықтар қоғамның әлеуметтік-мәдени элементтеріне мән беретін ең маңызды критерийлер болып табылады. Құндылықтар балалар мектеп жасына жеткенге дейін дәстүрлі әдістер арқылы отбасында, одан соң мектепте беріледі. Балалар тәрбиесінің құралы ретінде әр халықтың өткені, бүгіні, болашағы бейнеленіп, халықтың этникалық ерекшелігі, тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, діни нанымдары көрініс тапқан ертегі, аңыз, әңгімелер, жұмбақтар, халық әндері, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер және т.б. қолданылады. Қазақ халқы бала тәрбиесінде мақал-мәтелдерді жиі қолданады. Бұл зерттеуде қазақ халқының негізгі құндылықтар жиынтығының бірі болып табылатын мақал-мәтелдерге назар аударылады. Зерттеудің мақсаты – қазақтың тәрбие үрдісінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы мақал-мәтелдердің педагогикалық құндылығын зерттеу. Мақалада мақал-мәтелдердің балаларды тәрбиелеудегі функционалдығын зерттеу үшін талдау әдісі қолданылып, деректер сипаттамалық талдау арқылы ұсынылды.

Тірек сөздер: халықтық педагогика, этнопедагогика, ұлттық құндылықтар, халық ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, педагогикалық құндылық, ұрпақ тәрбиесі, балалар тәрбиесі

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінде тілдің адам танымының және мәдени-шығармашылық қызметінің негізгі тетіктерінің пайда болуы мен қызмет етуіндегі рөлін қарастыру процесі жүруде. Себебі, тіл – қоғамдық қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың өмірінен, тарихы мен мәдениетінен, менталитетінен ақпарат беруші, қоғамды дамытушы күш. Қазақ халқының тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесі оның сөзінде жатыр. Халық ауыз әдебиеті – тәлім-тәрбие мен ұлттық құндылықтардың қайнар көзі болса, сан ғасырлар бойы атадан-балаға мирас болып, белгілі бір халықтың әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірінің негізіне айналған мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетінің маңызды және құнды бөлігі. Зерттеудің негізгі идеясы – өз елін, ұлтын сүйетін, мәдениетін сақтайтын, тілін қорғайтын жеке тұлғаны тәрбиелеу мәселесімен сабақтасады.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде «Балалар

арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет» деп өскелең ұрпақтың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды қатар сіңірудің, білім мен қатар баланың ақыл-ой тәрбиесінің де маңызды екендігін баса айтты [1].

Халқымыздың Тәрбие тал бесіктен деген даналық сөзінде айтылғандай, жеке тұлғаның дамуындағы ең маңызды рөлді отбасы атқарады. Отбасы балаларын қоғамға пайдалы тұлға етіп тәрбиелеуге тырысады. Қазақ халқында отбасылық тәрбие халықтық педагогика арқылы жүзеге асырылады. Отбасылық тәрбие – ұлттық тәрбиенің негізі, ал ұлттық тәрбие алған ұрпақ еңбекқор, дені сау, білімді, ақылды, адамгершілігі мол, ұлтжанды азамат болып өседі [2, 3]. Ал, бала білім алатын мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, жеке мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен өте тығыз байланысты [2, 102]. Қай жерде болсын тәрбиеленушінің іс-әрекеті неғұрлым қоғамға пайдалы болатындай ұйымдастырылса, оның қоғаммен байланысы да соғұрлым саналы қалыптасып, тәрбиенің тиімділігі арта түседі. Халықаралық аренадағы алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі функционалдық сауаттылығы жоғары, кез келген жағдайдан шыға алатын, креативті ойлай алатын білімді маманның қажеттігін дәлелдеп отыр. Сондықтан қазіргі Қазақстандағы білім беруде шығармашылықпен ойлай алатын жеке тұлғаны дайындауға ерекше көңіл бөлінуде [3, 2].

Тәрбиенің барлық әдістері, құралдары, факторлары халық педагогикасынан бастау алады. Әрбір халықтың, ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа ұзақ жылдар бойы жетілдіріліп келе жатқан өзіндік тәрбие мәдениеті қалыптасты. Және әр халық болашаққа ең қымбат рухани байлығы ғасырлар – бойы жинақталған осы даналықты жеткізуге ұмтылады. Тарихи дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі қазақ халқының тәжірибесін зерделеу педагогтардың ғылыми мүдделеріне кірді, өйткені өткен тарих – қазіргі кездегі тұрақты, толыққанды өмірдің іргетасы және болашақта дамудың кепілі. Көптеген қазіргі заманғы зерттеушілер халық педагогикасын даналық пен педагогикалық ойдың қоймасы ретінде ғана емес, сонымен қатар біздің бастауымыз ретінде қарастыра отырып, қазақ халқының педагогикалық мәдениетіне жүгінудің маңыздылығы мен қажеттілігін атап көрсетеді. Халық шығармашылығын зерттеп, оны жас ұрпаққа бере отырып, біз оның жандануына және одан әрі дамуына ықпал етеміз. Сонымен қатар, бұл балаларға өздерінің ұлттық және ата-баба жадын еске алуға, өзінің түп тамыры – шығу тегін құрметтеуге көмектеседі. Бұл туралы этнопедагогиканың негізін салушылардың бірі Г.Н. Волков тарихи жадсыз дәстүр, дәстүрсіз мәдениет, мәдениетсіз тәрбие, тәрбиесіз руханият, руханиятсыз тұлға, ал, тұлғасыз халық болмайды деген еді [4].

Материалдар мен әдістер

Қазақ мақал-мәтелдерін тәрбиелік-тағылымдық мәнін талдау, олардың тіліміздегі көрінісін саралау қазіргі тіл білімінде өзекті болып саналады.

Педагогика ғылымдарының докторы Ә.Табылдиев жалпы тәрбиелеуді – ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, отансүйгіштік тәрбие, дене тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, экологиялық тәрбие болып саралайды [5, 20]. Зерттеудің мақсаты – жеке тұлғаны қалыптастырудағы мақал-мәтелдердің педагогикалық құндылығын зерттеу болып табылатындықтан бұл мақалада осы тәрбие түрлеріне қатысты мақал-мәтелдер тақырыптық топтар бойынша талданды.

Зерттеу барысында педагогикалық, философиялық әдебиеттерді талдай отырып, қазақ ауыз әдебиетінің «Бабалар сөзі» жүзтомдық топтамасының мақал-мәтелдер топтастырылған томдары (65-68) негізгі нысан ретінде алынды. Зерттеу барысында аталған еңбектердегі жоғарыда ғалым бөліп көрсеткен тәрбие түрлеріне қатысты мақал-мәтелдер іріктеліп, талданды. Мақалада тіл білімінің лексиканы зерттеуде қолданатын дескриптивтік (сипаттама) әдіс-тәсіл негізге алынды. Мақалада мақал-мәтелдердің балаларды тәрбиелеудегі функционалдығын зерттеу үшін жалпылау, жинақтау, жіктеу әдістері қолданылып, деректер сипаттамалық талдау арқылы ұсынылды. Осы зерттеу әдістерін пайдалану аталған мәселені жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда халықтық педагогика әлі күнге дейін педагогикалық идеялардың сарқылмас көзі болып табылады. Халықтық педагогика мен оның негізгі идеяларын, қазақ отбасылық тәрбиесінің теориялық, педагогикалық және психологиялық негіздерін қарастыруда Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. белгілі қазақстандық ағартушылар мен қоғам қайраткерлері үлкен үлес қосты.

Қазақтың халықтық педагогикасы, оның ерекшеліктері, бала тәрбиесі туралы ғалымдарымыз С.Кенжеахметұлының, Қ.Жарықбаевтың, С.Қалиевтың, С.Ұзақбаеваның ғылыми пікірлерінің баға жетпес мәні бар. Олардың еңбектері халықтық ұстаным идеяларына негізделген. Олардың көзқарастарын көбінесе ана тілінде оқыту және ана тілін үйрету туралы идеялары біріктіреді. Бала алғашқы білімді ана тілінде алса ғана, өзінің ана тілін танып білгенде ғана, ұлттық рухты бойға сіңіруге, ұлттық сананы оятуға болады.

Этнопедагогикада ұлттық фольклордың алатын орны ерекше. Қазақ халқы – рухани құндылықтардың мұрагері. Төл жәдігеріміз – ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, өлең, жыр, терме, ата тілегі – ұлттық тәрбие бесігі. Осы тұрғыдан келгенде мақал-мәтелдер халқымыздың өткені мен кешегісі емес ол бүгінгі халқымыздың жанды дауысы [6, 15]. Ата-бабаларымыздың жылдар бойы жинаған педагогикалық тәжірибесі ұрпақтан-ұрпаққа ауыз әдебиеті, оның ішінде нақыл сөздер, мақал-мәтелдер түрінде де беріліп отырды. Мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетінің бір бөлігі ретінде құндылықтар туралы халықтың маңызды идеяларын жас ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді. Онда балаларға педагогикалық әсер етудің үлкен білім беру және тәрбие әлеуеті, принциптері мен әдістері бар. Тәрбие тәжірибелерінің негізгі тірегі – ұлттық тәрбие. Соңғы жылдары өзінің ана тілін, халқының салт-дәстүрлерін, тарихы мен мәдениетін жетік білмейтін ұрпақ пайда бола бастады, дәстүрлі

өмір салтынан алыстап кеткен көріністер көбейді, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік-этикалық ұғымдары мен рухани құндылықтарына қызығушылық азая бастады – мұның бәрі түптеп келгенде ұлттық сананың өзгеруіне алып келеді [7, 183]. Демек, мақал-мәтелдердің мазмұнды бөлігі, ондағы құндылықтар халықтың ғасырлық даналығымен дәлелденген ерекше тәрбие құралы ретінде қарастырылуы орынды. Мақал-мәтелдер балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін, әдет-ғұрыптар мен мінез-құлықтарды қалыптастыруда ауызша сөйлеу арқылы берілетін өте тиімді этнопедагогикалық құрал болып табылады. Оларда халықтың педагогикалық даналығы қысқа, ықшам пайымдаулар түрінде беріледі. Сондықтан мақал-мәтелдерді әлеуметтік өмірдің өте маңызды бөлігі ретінде қарастыра отырып, сөз бен ауызша берілетін барлық ақпарат ерекше мәнге ие болатын ауызша мәдениет қоғамында мақал-мәтелдердің бала тәрбиесіндегі рөлін тереңірек зерттеуге көңіл бөлінді.

Ғұлама ғалым Әл-Фарабидың «Диуани әл-адаб» атты еңбегінде Мақал – өзінің түрі мен мазмұны жағынан болсын, ақсүйектер мен қарапайым бұқараның да қажетін бірдей атқарады. Сол себепті де ол халық арасына кең тараған. Қуаныш пен қайғылы сәттерде де ол ауызға ілігеді. Сол арқылы саранды жомарттыққа итермелейді. Соның көмегімен (халық) мақсатына жетіп, меңдеген қайғы-мұңнан құтылады. Бұл өзі бір өтімді де ұтымды, нағыз даналық десе даналық деп осыдан мың жыл бұрын айтқан ойы бүгінгі күнге дейін мәнді [8, 37].

Жалпы мақал-мәтелдер тілде қарым-қатынастың маңызды бірліктері мен бөліктері ретінде қолданылады десек, мақал-мәтелдер балаға ана тілін ойдағыдай меңгеруге мүмкіндік болып, олардың ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, қоршаған әлем туралы білімдерін кеңейтуге де зор ықпал етеді. Ана тілінің арқасында балалар сөйлеу мен ойлауды, тұлғааралық қарым-қатынасты дамытады. А.Байтұрсынұлы Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады деп жазады [9,112 б.]

Халқымыз ақыл-ой тәрбиесіне ерекше мән берген. Ол тәрбиеленушінің ақыл-ойын дамытып, сана-сезімдерін қалыптастыруға бағыттылады. Қазақ халқының ұғымында терең білімді тек ақылды адам ғана меңгере алады. *Адамның тізгіні – ақыл, Ақылды адам ардақты, Ақыл азбайды, білім тозбайды, Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады, Ақыл ойға, білім көкке көтереді, Ойлай білсең, дана боларсың, Ойнай берсең, бала боларсы сияқты* мақал-мәтелдер халқымыздың білімді, сауаттылықты игеруге деген саналы көзқарасты жоғары бағалағанын көрсетеді. Сонымен қатар, *Оқу – инемен құдық қазғандай, Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні – заріп, Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ, Ақыл, қайрат, білімді, Тең ұстаған зор болар. Ойсыз, жігерсіз, білімсіз, Өмір кешкен қор болар.* Бұл мақал-мәтелдер адамның ізденімпаздығын, көрнекі ойлауын дамытып, тек өзінің біліміне, ақылына сену керек, білім жолын қуу керек, оларды игеруде табандылық керек деген идеяны басшылыққа алады.

Танымдық процестің жас ерекшелігіне қарамайтын шексіздігін *Қой асығы деменіз, Қолыңа жақса, сақа тұт. Жасы кіші деменіз, Ақылы асса, аға тұт, Азадан іні ақылды болса, Үш жасы үлкен болады, Борышты тағам ас болмас, Болар бала жас болмас, Құл мен қожа майданда теңеледі, Жас пен кәрі білімде теңеледі* мақал-мәтелдер дәлелдейді. Таным процесінде ақыл-ой да дамиды, жаңа біліммен байытылады, одан адам ақылды және тәжірибелі болады, бұл өз кезегінде ақыл-ойды мақсатына сай және дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. Тілімізде балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі жетілдіру, кісілікті, адамгершілікті нығайту сияқты моральдық идеалдың ерекшеліктерін қамтитын мақал-мәтелдерде көп. Мысалы, *Адамның ұяты бетінде, Адамгершілігі ниетінде, Кішіпейілділіктен кішіреймейсің, Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік, Аралас жүр, ішінде бол ізгінің, Сонда ұстайсың кісіліктің тізгінін, Ақпейіл болсаң, ас жерсің, Тәкәппар болсаң, тас жерсің* сынды мақал-мәтелдер нағыз адамның басты белгісі – кісілік екенін көрсетіп, оқушылардың адамгершілік тәрбиесін ұйымдастыруға көмектеседі. *Қайырымдылық жасасаң, Қайырын өзің көресің, Кең болсаң, кем болмайсың, Жақсы ниет – жарым ырыс* деп жастарға жақсылықтың қайтарымы тек жақсылық екенін айтады.

Адамдардың адамгершілік қасиеттері еңбекке қатысынан білінеді. Халық даналығы адал еңбек жолын дәріптеп, білімді игеру үшін, жалпы мықты ел болу үшін қажетті бар нәрсенің бастауы – еңбек деп біледі. Себебі еңбек арқылы ғана адам өзін қоршаған дүниені игереді. Қазақ халқы еңбекке деген шынайы ұлттық көзқарасты, оған деген терең құрмет сезімін айқын білдіретін мақал-мәтелдерге бай. Халық еңбекті поэтикалай отырып, оны болмыстың негізі, өмірдің негізі деп білген. Қазақ халқы үшін еңбекқор болу принципі өте маңызды. Мысалы, *Адал еңбек аздырмас, Арамдық бойды жаздырмас, Ердің атын еңбек шығарады, Еңбегі аздың өнбегі аз, Еңбек өнімді болмай, Тұрмыс көңілді болмайды, Жылай-жылай арық қазсаң, Күле-күле су ішерсің* деп еңбекке баулыса, *Жалқаулық аздырады, Еңбек оздырады, Жалқау тек жатар, Жатқанның ырысы қайтар, Жалқауды жұмысқа жұмсасаң, сылтаудың астында қаласың, Еріншекке есік жап десең, Жел жабады дей салар* деп тура мағыналы, сондай-ақ астарлы мағыналы көптеген мақалдар арқылы жалқаулық пен еріншектіктің өмірімізге қандай теріс әсер ететінін айтады. Еңбек сөз бен іс-әрекеттің бірлігі, жауапкершілік, кемелдікке ұмтылу сияқты рухани қасиеттерді тәрбиелеу құралы. Аталарымыз неғұрлым еңбек етсең, соғұрлым табыс табасың, көп жұмыс істесең, оның өнімі де көп болады деп еңбекқор болуға шақырады. *Жалқаулық – жаман ауру* деп жалқаулықты адам бойындағы ең жағымсыз сипат санайды.

Халқымыз ертеден еңбектің адамды рухтандыратынын, физикалық және ақыл-ой кемелдігіне деген ұмтылысты қалыптастыратынын түсінген. *Кәсіпсіз нәсіп жоқ* дейтін қазақ отбасында баланы еңбекке баулу ерте жастан басталаған. *Жігіт кісіге жетпіс өнер де аз, Қай істе де өнер қолдан, Өнерлі адам жеңер болған, Өз үйінде ою оймаған, Кісі үйінде кесте тігеді, Шешен көптің опасы, Шебер көптің апасы* деп ұлды мал бағуға, аң аулап, мергендік құруға тәрбилесе, қыздарды қолөнерге, өрмек тоқып, кесте тігуге үйреткен. Еңбек тақырыбына

арналған мақал-мәтелдер балаларға қазақ халқына тән еңбекке деген адал көзқарасты, еңбексүйгіштікті дамытуға көмектеседі. Келтірілген мысалдардан бағзы заманнан келе жатқан мақал-мәтелдер халық мәдениетінің бір бөлшегі бола отырып, экономика мен техниканың, прогрестің, тұрмыс-тіршіліктің дамуына қарамастан өзектілігін жоғалтпағанын көруге болады. Мақал-мәтелдердің мән-мағынасына тереңірек үңілсек, өскелең ұрпақты рухы биік, өмірде төзімділікпен тәрбиелеудің маңыздылығы аңғарылады.

Жеке тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынас мәселесі Отанға деген сүйіспеншілік идеясымен тығыз байланысты. Қарияларымыз бұл тәрбиені үлкен жауапкершілікпен атқарды. Жақсы адам болудың ең бірінші шарты – өз елін, ұлтын сүю деп білді. *Отан оттан да ыстық, Туған жердің түтіні де ыстық, Туған жерге туың тік!, Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары, Отан үшін отқа түс – күймейсің, арың үшін алыссаң, өлмейсің* деген нақыл сөздер Отанды, туған жерді қастерлеуге үндеп, ең алдымен туған жеріне, ұлтына немқұрайлы қарамауға, туған жерді ешқашан ұмытпауға баулиды. *Опасызда отан жоқ, Отансыз да бір, опасыз да бір, Отансыз ұл – ормансыз бұлбұл* деп елінің қадіріне жетпегеннің өз қадіріне жетпейтінін ескертіп, балалардың бойына ұлтты сүюді сіңіруді жастайынан бастайды. Нақыл сөздерді жиі естігенде құлақ арқылы санаға бекіп, ізгі қасиеттердің адам бойында жетілуіне түрткі болады. Сонымен қатар мақал-мәтелдер өмірлік қағида ретінде ой-жүйеде жатталады да, іс-әрекет сәтінде, белгілі бір ситуацияда игі қадам жасауға себін тигізері мәлім. Шынайы ұлттық тәрбиедегі рухани тағылымды мәңгіге жалғастырушы даналықтың негізі осы мақал-мәтелдер болғандықтан, қазіргі педагогикалық процесс барысында да, отбасы жағдайында да нақыл сөздерді қолдану қажет [10]. Туған жерді сүюге баулу мақсатындағы аталған мақал-мәтелдер этнопедагогикалық тұрғыда білім беру барысында кеңінен қолданылады.

Қазақ халқы ертеден-ақ *Тазалық – саулық негізі, Саулық – байлық негізі, Тәні саудың жаны сау* деп балалардың денсаулығы мен физикалық дамуына да ерекше ден қойған. Дені сау ұрпақ – ұлттық дамудың құндылығы. Себебі, денсаулық тек жеке адамның ғана емес, ұлттың игілігі. Кез келген мемлекет үшін халқының саулығы ең маңызды мәселе. Руханилықтың көрінісі ретінде денсаулығыңды күтудің маңыздылығы көптеген қазақ мақал-мәтелдерінде кеңінен көрсетілген. Мысалы, *Әуелгі байлық – денсаулық, Жарлының байлығы – денінің саулығы, Дертті бардың дәрмені жоқ, Денің сау болса, Жарлымын деме. Жолдасың көп болса, Жалғызбын деме* деген денсаулықты өмір негізіне, байлыққа теңеген мақал-мәтелдердің терең тәрбиелік маңызы зор. *Ауру батпандап кіреді, Мысқылдап шығады, Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде, Шынықсаң шымыр боларсың, Ішің ауырса аузыңды тый, Көзің ауырса қолыңды тый,* деп халқымыз балаға кішкентай кезінен денсаулықтың баға жетпес байлық екенін үйретіп, зиянды әдеттерден аулақ болуға, салуатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуді маңызды міндет еткен. Тілімізде денсаулық пен дұрыс тамақтану ережелерін байланыстыруға арналған *Ауру – астан, дау – қарындастан, Ат адамның қанаты, Ас адамның қуаты, Ас тұрған жерде ауру тұрмайды, Жаман ауруға жақсы ас* деген тәрбиелік ұсыныстар бар мақал-

мәтелдер де бар. Сондай-ақ халқымыз *Ұйқы – тынықтырады, жұмыс – шынықтырады, Еңбекқор ұйқыдан ширап тұрады, еріншек ұйқыдан қирап тұрады* деп адам денсаулығында ұйқының рөлі ерекше екенін де атап өтеді.

Жоғарыда айтылғандарды мақал-мәтелдердің мағыналық мазмұны жағынан қорытындылай келе, тілімізде денсаулықтың адам үшін маңыздылығын көрсететін көптеген мақал-мәтелдер бар. Мақал-мәтелдердің көпшілігі моральдық-ғибраттылық сипатымен ерекшеленеді, яғни оларда өз денсаулығын күту, дұрыс тамақтану, аурудың алдын алу, жалпы салауатты өмір салтын ұстануға үндеу, денсаулықты күту туралы ұсыныстар бар.

Жеке тұлғаның эстетикалық тәжірибесін қалыптастырудың маңызды құралы өнер болып табылады. Ал, өнердің барлық түрлерінің ішінде тәрбиелік, танымдық, шығармашылық, коммуникативті күштердің ең қуаттысы – сөз өнері екені сөзсіз. Қазақтардың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбиенің дәстүрлі формасының маңызды ерекшелігі балаларды ең алдымен ана тілінің сұлулығымен таныстыру. М. Жұмабаев қазақ тілі туралы «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай» деп терең толғана келе, өзінің «Педагогика» еңбегінде «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» деп жазды [11, 289]. Расында, кез-келген халықтың ана тілі үлкен рухани құндылыққа ие, оның негізінде халықтық тәрбиенің, даналық пен тапқырлықтың бай тәжірибесі, бүкіл халық мәдениеті жатыр. Тіліміздегі *Өнер алды – қызыл тіл, Тіл – ақылдың өлшемі, Бас кеспек болса да, Тіл кеспек жоқ* деген мақал-мәтелдерден халықтың тілге деген көзқарасы, тіл туралы ой-тұжырымы, мақсат-мүддесі көрініс береді. Халқымыз *Тілін білмеген түбін білмейді, Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі ой өсіреді, Тілі өлген ел – тірі өлген ел* деп балаға ұлттың ең негізгі құндығы – ұлттық тілді құрметтеу сезімін, ұлттық рухын дамытуды, ұлттық танымын қалыптастыруды мақсат еткен.

Жаны таза адам сұлулыққа құмар келеді, Жаны сұлудың – тәні сұлу, Ай жүзді әйелден, Әдемі ән әлдеқайда артық, Әдемі сөйлегеннің ісі әйбат дейтін ата-бабамыздың эстетикалық тәрбиесі сұлулыққа, қарапайымдылыққа, ұстамдылыққа, байсалдылыққа, жұмсақтыққа, парасаттылыққа бағытталған. Сұлулық (эстетика) сезімдері адамның дұрыс, сау ләззат іздеуіне, сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, хатта жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан тыйылуына көп көмек көрсетеді. Сондықтан баланың сұлулық сезімдері жақсы тәрбие қылынуға тиісті [12, 127]. Қазақ халқы *Алтын балдақ – қол сәні, Әшекей, кесте – тон сәні, Жігіт көркі – өнер, Өнерлі бала – елдің көркі, Үкілі қамыс – көлдің көркі, Балаларға өнер білім берілсін, Сұлу мінез әр өнермен өрілсін, Киіміне қарап қарсы алады, Ақылына қарап шығарып салады* деп жастарды көркемдік құндылықтардың мәнін ұғынуға, осы құндылықтарды жасаған өз халқының еңбегін құрметтеуге, рухани дүниесін түсінуге тәрбиеледі.

Мақал-мәтелдердің эстетикалық және педагогикалық құндылығы олардың категорияларында адам қызметінің барлық аспектілері көрініс табатындығында.

Дәстүрлі эстетикалық тәрбие жүйесінің мақсаты – баланы әсемдікті сезінуге, сұлулықты барлық көріністерінде көру, сезіну, қабылдау, түсіну және бағалау қабілетін дамыту; адами қатынастар мәдениетін және мінез-құлық сұлулығын қалыптастыру; дене сұлулығы мен денсаулығын бағалау және қорғау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік пен ұқыптылықты сұлулық көзі ретінде тәрбиелеу. Осылардың барлығын қамтитын мақал-мәтелдер эстетикалық тәрбиенің маңызды құралы болып табылады. Халық рухани-эстетикалық жад деп санаған сәндік-қолданбалы өнермен жас ұрпақты таныстыру, өмірдегі сұлулықты мәңгілікке ұмтылу ретінде сіңіру эстетикалық тәрбиелеуге ықпал етті. Мұндай өнер халықтық педагогиканың бір құралы ретінде қарастырылып, оның көмегімен аға ұрпақ өз халқының рухани мәдениетін жас ұрпаққа жеткізді.

Табиғат – халық педагогикасының маңызды факторларының бірі, ол тек жайлы мекен ғана емес, туған өлке. Халқымыз ерте заманнан-ақ табиғатқа етене жақын болған. Көшіп-қонып, табиғатпен бірлікте, үйлесімде тіршілік еткен. Экологиялық тәрбие мәселесін шешуде халықтық педагогиканың мүмкіндіктері зор. Жастар мен балаларға жоғары экологиялық мәдениетті сіңіріп, табиғатты аялау үлгілерін көрсетудің маңыздылығын Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Әділетті Қазақстан – Адал азамат атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде Балаларға экологиялық тәрбие беру маңызды. Оларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйреткен жөн. Мәдени мұраларымызды танып-білуге, қорғауға дағдыландыру керек деп бұл мәселенің бүгінгі таңда да өзекті екенін атап өтті [1].

Табиғаттың әсемдігін көре білу, оның мәнін бағалай білу баланың бойында ерте жастан ата-ананың ертегі, мақал-мәтел, нақыл сөздер, жұмбақ, тақпақтар т.б айтуы арқылы қалыптасады. Олардың мақсаты – жасөспірімдерге экологиялық тәрбие мен білім беру, балалардың қоршаған ортаны қорғау жұмыстарына баулу, табиғатқа ұқыпты және жанашырлық қатынаста тәрбиелеу. Мысалы, халқымыз Жерді өз Анасындай көріп *Жер – қазына, су – алтын, Сулы жер – нулы жер, Жер отты болса, Мал сүтті, Таза болсаң судай бол – бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң Жердей бол – бәрімізді өсірген деп* табиғатқа деген мол махаббатын мақал-мәтелдер арқылы білдірген. Біздегі «Жер-Ана» деген егіз ұғымның қалыптасуы да содан. *Гүл жайнамай, Бұлбұл сайрамайды, Тау бұлағымен көрікті, Көл құрағымен көрікті, Өзен-суға жарасқан, Қамысы мен қозғасы. Қарияға жарасқан, Аузындағы тобасы, Көрем десең табиғаттай зергерді, Әр күн сайын аралай бер әр жерді* деп ата-бабаларымыз жас ұрпақтың назарын табиғат сұлулығының көріністеріне аударып, олардың сұлулыққа деген құштарлығын оятты. Халық өскелең ұрпақтың бойында табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастырды. Халқымыздың жоғары экологиялық мәдениетіне *Табиғат – тал бесігің, Бір тал кессең, он тал ек, Атадан мал қалмаса да, тал қалсын, Дәрі шөптен, ақыл көптен, Сәуір болмай, тәуір болмас, Ағаш екпей жеміс бермес, Ис бітпей жеңіс келмес* сияқты мақал-мәтелдер дәлел. Бұл мақал-мәтелдер қазақтың этнопедагогикалық мұрасында туған жерге, табиғи ортаға ұқыпты және парасатты қатынас жасаудың бай тәжірибесі бар деп айтуға негіз болады.

Қорытынды

Әрбір ұлт еңбек ету, табиғатты, қоршаған ортаны тану, адами қарым-қатынас құру арқылы мол тәжірибе мен білім алды. Бұл белгілі бір халықтың көп ғасырлық әлеуметтік-тарихи тәжірибесі ретінде мақал-мәтелдерде көрініс тапты. Мақал-мәтелдер халықтың бүкіл сан қырлы өмірін, адам қызметінің барлық салаларын, оның болмыс-бітімін көрсетеді. Мақал-мәтелдер – даналық сөздерге сыйдырылған ұлттың еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәжірибесінің шоғыры. Бұл жеке адамның әлеуметтік өмірдің аумалы-төкпелі кезеңдеріндегі мінез-құлқын реттейтін халықтың күнделікті философиясы. Сондықтан да мақал-мәтелдер ұлттық мінездің ерекшелігін, ұлттық құндылықтар жүйесін түсінуге мүмкіндік береді [13].

Қорыта келгенде, қазіргі жаңа технолгоиялардың, ғаламтордың тез дамып, жастар тәрбиесінің насихатына кері әсерін тигізіп жатқан ақпараттық заманда халықтың ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бойы қалыптасқан күнделікті ойлау ережелері мен әдістеріне негізделген мақал-мәтелдер арқылы «білімі мен білігі жағынан шетелдердегі замандастарымен бәсекеде жеңілмейтін, сонымен қатар, бойында ұлттық ділі сақталған, отаншылдық рухы кемел қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу» [14, 3] жұмысының маңызы зор.

Мақалада талданған халық мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын тәрбие түрлеріне қатысты мақал-мәтелдер тақырыптық тұрғыдан бөлініп, ұлттың рухани құндылықтарын анықтауға және сипаттауға мүмкіндік берді. Бұл мақал-мәтелдер адам болмысында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Аталған тәрбие түрлерін толық игерген адам – ұлттық құндылықтарды меңгерген тәрбиелі, өнегелі адам.

Қашанда халықтық педагогиканың негізгі қайнар көзі халықтың рухани мәдениеті болды. Талдауымыз көрсеткендей, қазақ халқының өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды тәрбиелеу туралы көзқарастары өз заманынан озық болған. Зерттеу руханият тәрбиесінің мазмұны халық педагогикасының мақал-мәтелдер сияқты дереккөздерінде терең ашылғанын көрсетті. Тәрбиелік мәні күшті бұл даналық сөздердің әрбір ұлт үшін маңызы зор екенін атап өткен жөн. Осы тұрғыда мақал-мәтелдерге этнопедагогикалық құндылықтар тұрғысынан жоғары баға беру қажет.

Мақала ҚР ҒЖБМ бекіткен АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың Әділетті Қазақстан – Адал азамат атты екінші отырысында сөйлеген сөзі - Кіру режимі: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulityk-kuryltaydyn-adilette-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> [Қаралған күні 24.01.2024]

[2] Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж., Алиев П.С. Қазақ отбасы тәрбиесі.; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты – Тараз, - 2016. - 164 б.

[3] Orazbayeva F., Bogenbayeva A., Yerkiyayeva G., Orazaliyeva E., Imankulova M., G.Akhmetzhanova, Dodi I., Zeinab A., Movahede Sadat M., Amir Nazari A. Development of Students' Speech Using the Method of Creative Thinking. //Hindawi Education Research International. – 2022. - 15 pages

[4] Ахмерова Н. М. Реализация этнокультурного подхода в профессиональной подготовке социального педагога к работе с семейным социумом: монография. – Москва, - 2003, 177 с.

[5] Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбие иірімдері. – Алматы: Қазақ ун-ті, - 2001. – 94 б.

[6] Сыздықов Қ.Ә. Мақал-мәтелдер – ұлттық тәрбие бұлағы. Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2018. - №3 (56).

[7] Сарқанбаева Г. Жаңартылған білім беру жағдайында болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығы. Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы Педагогика ғылымдары сериясы. – 2022. - №1 (64). - 182-192 б.

[8] Дербісәлі Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, Рауан, - 1995 – 236 б.

[9] Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. Алматы, Атамұра 2003.

[10] Жылқыбаева Ш. Мақал-мәтелдердегі ұлттық тәрбие. - 31 Шілде. – 2018. - Кіру режимі: <https://egemen.kz/article/172357-sh-zhylyqybaeva-maqal-matelderdegi-ulttyq-tarbie> [Қаралған күні 24. 01.2024]

[11] Жұмабаев М. Шығармалар / М. Жұмабаев. – Алматы: Білім, - 1996. – 512 б.

[12] Жұмабаев М.Шығармалары (әдеби басылым). 2-том. – Алматы: Жазушы, - 2013. – 376 б.

[13] Замалетдинов Р.Р.,Замалетдинова Г.Ф. О роли пословиц в исследовании национально-культурных особенностей языкового сознания. Вестник ТГГПУ. - 2010. - №2(20).

[14] Құрманбай Г. Сөзтәрбие (мақал-мәтелдер тағылымы). - Астана, - 2011 – 49 б.

[15] Бабалар сөзі: Жүзтомдық.Т.65, Т.66, Т.67, Т.68. Қазақ мақал-мәтелдері. - Астана: Фолиант, - 2010.

REFERENCES

[1] Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Ūlttyq qūryltaidyñ Ädiletli Qazaqstan – Adal azamat atty ekinşı otyrysynda söilegen sözi (The speech of the head of state Kassym-Jomart Tokayev at the second session of the National Congress entitled Fair Kazakhstan – Honest Citizen). - Kіru rejimi: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-ulttyk-kuryltaidyñ-adiletli-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> . [Qaralğan күni 24.01.2024] [in Kaz].

[2] İbraimova L.N., Abdikerimova P.J., Aliev P.S. Qazaq otbasy tärbiesi (Kazakh family education).; QR Bılım және ğylym ministrлігі, Taraz memlekettik pedagogikalyq instituty – Taraz, - 2016. - 164 b. [in Kaz].

[3] Orazbayeva F., Bogenbayeva A., Yerkiyayeva G., Orazaliyeva E., Imankulova M., G.Akhmetzhanova, Dodi I., Zeinab A., Movahede Sadat M., Amir Nazari A. Development of Students' Speech Using the Method of Creative Thinking. //Hindawi Education Research International. – 2022. - 15 pages

[4] Ahmerova N.M. Realizasia etnokulturnogo podhoda v profesionälnoi podgotovke sosiälного pedagoga k rabote s semeinym sosiumom: monografia (Implementation of an ethnocultural approach in the professional training of a social teacher to work with family society: monograph). – Moskva, - 2003. - p. 177. [in Rus].

[5] Tabyldiev Ä. Ūlttyq tärбие иірімдері (National educational circles). – Almaty: Qazaq un-tı, - 2001. – 94 b. [in Kaz].

[6] Syzdyqov Q.Ä. Maqal-mätelder – ūlttyq tärбие бұлағы. (Proverbs are a source of national education). Habarşysy. Pedagogikalyq ğylymdar seriesy. – 2018. - No3 (56). [in Kaz].

[7] Sarqanbaeva G. Jañartylğan bilim beru jaǵdaiynda bolaşaq mūǵalimniñ etnopedagogikalıyq daiarlyǵy. //Abylai han atyndaǵy QazHQjĀTU Habarşysy Pedagogika ğylymdary seriasy. - 2022. - №1 (64). - p. 182-192 [in Kaz].

[8] Derbisalı Ā. Qazaq dalasynyñ jūldyzdary (Stars of the Kazakh steppe). - Almaty, Rauan, - 1995 – 236 b. [in Kaz].

[9] Baitūrsynov A. Ādebiet tanytqyş. Zertteuler men öleñder (Literary presenter)]. - Almaty, Atamūra, - 2003. [in Kaz].

[10] Jylqybaeva Ş. Maqal-mätelderdegi ũlttyq tärбие (National education in proverbs). //31 Şilde. – 2018. - Kirw rejimi: <https://egemen.kz/article/172357-sh-zhylqybaeva-maqal-matelderdegi-ulttyq-tarbie> . [Qaralǵan küni 24.01.2024] [in Kaz].

[11] Jūmabaev M. Şyǵarmalar (Works). – Almaty: Bilim, - 1996. – 512 b. [in Kaz].

[12] Jūmabaev M.Şyǵarmalary (Works). (ädebi basylym). 2-tom. – Almaty: Jazuşy, - 2013.– 376 b. [in Kaz].

[13] Zamaletdinov R.R.,Zamaletdinova G.F. O roli poslovis v issledovanii nasionälno-külturnyh osobenosti iazykovogo soznania (On the role of proverbs in the study of national and cultural characteristics of linguistic consciousness). Vestnik TGGPU. - 2010. - №2(20). [in Russ].

[14] Qūrmanbai G. Söztärбие (maqal-mätelder taǵylymy). (Word education (lessons of Proverbs). Astana, - 2011 – 49 b. [in Kaz].

[15] Babalar sözi: Jüztomdyq.T.65, T.66, T.67, T.68. Qazaq maqal-mätelderı (Kazakh proverbs). - Astana: Foliant, - 2010. [in Kaz].

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК В ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

*Ермекбаева М.А.¹, Кенжалин Қ.К.², Капантайқызы Ш.³

^{*1,2,3}Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Қазақстан

Аннотация. В настоящее время ценностные ориентации молодежи и детей являются основным показателем развития общества. Поэтому в образовании и воспитании задачей образования является воспитание граждан, противостоящих глобальным вызовам, способных легко принимать и защищать национальные ценности, повышение трудоспособности каждого отдельного человека как части общества, повышение уровня жизни, развитие национальных и человеческих достоинств.

Каждое общество или каждая нация, стремящаяся продолжать свое существование, стремится с раннего возраста воспитывать свое поколение в соответствии с убеждениями и ценностями общества. Эти ценности являются наиболее важными критериями, придающими значение социокультурным элементам общества. Эти ценности передаются в семье традиционными методами, пока дети не достигнут школьного возраста, а затем в школе. В качестве средства воспитания детей используются сказки, легенды, рассказы, загадки, народные песни, пословицы, поговорки, фразеологизмы и др., отражающие прошлое, настоящее, будущее каждого народа, отражающие этническую принадлежность, историю, культуру, обычаи и традиции народа, религиозные верования. В этом исследовании основное внимание уделяется пословицам, которые являются одним из основных наборов ценностей казахского народа. Казахский народ часто использует пословицы и поговорки в воспитании детей. Цель исследования – изучение педагогической ценности пословиц и поговорок в формировании личности в воспитательном процессе казахов. В статье использовался метод анализа для изучения функциональности пословиц и поговорок в воспитании детей, а данные были представлены посредством описательного анализа.

Ключевые слова: народная педагогика, этнопедагогика, национальные ценности, устное народное творчество, пословицы и поговорки, педагогическая ценность, воспитание подрастающего поколения, воспитание детей

THE PEDAGOGICAL VALUE OF PROVERBS AND SAYINGS IN THE EDUCATION OF THE YOUNGER GENERATION

*Yermekbayeva M.A.¹, Kenzhalin K.K.², Kapantaikyzy Sh.³

^{1,2,3}Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Currently, the value orientations of youth and children are the main indicator of the development of society. Therefore, in education and upbringing, the task of education is to educate citizens who face global challenges, who are able to easily accept and defend national values, increase the working capacity of each individual as a part of society, improve living standards, and develop national and human dignity.

Every society or every nation striving to continue its existence strives from an early age to educate its generation in accordance with the beliefs and values of society. These values are the most important criteria that attach importance to the socio-cultural elements of society. These values are transmitted in the family by traditional methods, and then at school until the children reach school age. Fairy tales, legends, stories, riddles, folk songs, proverbs, sayings, phraseologies, etc., reflecting the past, present, and future of each nation, reflecting ethnicity, history, culture, customs and traditions of the people, and religious beliefs are used as a means of educating children. This study focuses on proverbs, which are one of the main sets of values of the Kazakh people. The Kazakh people often use proverbs and sayings in the upbringing of children. The purpose of the study is to study the pedagogical value of proverbs and sayings in the formation of personality in the educational process of Kazakhs. The article used an analysis method to study the functionality of proverbs and sayings in child rearing, and the data were presented through descriptive analysis.

Key words: folk pedagogy, ethnopedagogy, national values, oral folk art, proverbs, pedagogical value, upbringing of the younger generation, parenting

Мақала түсті: 24 сәуір 2024